Өтпелі тақырып: Салттар мен фольклор (Наурыз)	1 апта. Аналар мерекесі.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Әжейге қонаққа барамыз» Мақсаты: Еденнен екпінмен серпіле екі аяқпен зат үстінен секіруге үйрету. Допты қос қолмен бастан асыра жіп арқылы лақтыруды үйрету. Тепе-теңдік сақтап, еденнен 20 см көтерілген сатының таяқшаларынан аттап жүруді бекіту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сүйікті цирк» Мақсаты: Нұсқаушының нұсқауы бойынша тапсырмаларды орындау, бір қатармен жүру мен жүгіруге үйретуді жалғастыру; ұсақ қол қимылдарын, денелерін игеру икемділіктерін, ептіліктерін, жетекші лақтырған допты қағып алу, өзіне қайта лақтыру, тұзу бағытта төрттағандап еңбектеу дағдыларын дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы:«Аттар» Мақсаты: Шектелген алаң үстімен денені тұзу ұстап, тепе- теңдік сақтап жүруді пысықтау. Алға қарай жылжи отырып қос аяқпен жеңіл секіру, белгі бойынша тоқтауды үйрету.	Орыс тілі . Тема: «Мамин праздник» Цель: Формировать представление детей о времени года – весна. Учить называть весенние явления в природе. Объяснить детям понятие «Мамин праздник». Расширять словарный запас детей словами: Весна, 8 Марта, капель. Воспитывать уважение, любовь к Маме. <u>Сөйлеуді дамыту</u> Тақырыбы: «Менің сүйікті анам». Мақсаты: Сұрақ-жауап әдісі арқылы әңгіме құрастыруды үйретуді жалғастыру. Алгоритмдік ойлау машықтарын дамыту. Сөз тіркестерін (анам, мейірімді, әдемі, балаларды жақсы көреді, оларға қамқоршы) сөздерді және дыбыстарды анық дауыстап айтуға жаттықтыру. Анасы туралы пікірін тиянақты, еркін жеткізе білуге талпындыру.	<u>Құрастыру</u> Тақырыбы: «Анама сыйлық». Мақсаты: Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, анаға сыйлық жасау үшін қағаздан умаждап гулдер жасай білуге үйрету, ата-ананы сыйлап, құрметтей білуге тәрбиелеу. <u>Жаратылыстану</u> Тақырыбы: «8 Наурыз –аналар мерекесі» Мақсаты: Мемлекеттік 8 наурыз мерекесімен таныстыру. Не үшін аналарды құрметтеп, сыйлайтынын айтып түсіндіру. Әйел адамдардың мамандықтарын жіктей білуді үйрету. Әжесі, апасы, анасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Математика негіздері Тақырыбы: «Алдында-артында. Жуан-жіңішке» Мақсаты: Өінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйретуді жалғастыру: алдында – артында; ені бойынша екі қарама- қарсы және бірдей заттарды салыстыру. Заттарды қалыңдығы бойынша салыстыру дағдыларын бекіту: жуан (қалын) – жіңішке (жұқа); өз айналасында бағдарлануын: алдында – артында жалғастыру; өз дене мүшелерінің орналасуын айыра алуға үйрету: бас, қол, аяқ; логикалық ойлауын дамыту; тапсырмаларды орындауға қызығушылығын тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: «Анамның мерекесі» Мақсаты: Анаға деген сезімдерін ән арқылы жеткізуге үйрету. Ата-анасын сыйлауға, қастерлей білуге тәрбиелеу. Ән-әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналуға дағдыландыру,көтеріңкі көңіл күй сыйлау. Музыка. Тақырыбы: «Анамның мерекесі» Мақсаты: Қайталау оқу қызметі Анаға деген сезімдерін ән арқылы жеткізуге үйрету. Ата-анасын сыйлауға, қастерлей білуге тәрбиелеу. Ән-әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналуға дағдыландыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау. <u>Сурет салу</u> Тақырыбы: «Анама арналған моншақтар». Мақсаты: Балаларға дөңгелек болып сызылған сызыққа (жіпке) гуашь бояумен бірдей көлемде дөңгелек моншақтардың суретін салуды үйрету. Моншақтың сәндік бұйым екендігін айтып өтіп,аналар мен әжелерін құрметтеп, заттарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.	
---	--------------------------	--	---	--	---	--

2 апта «Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қонақта»	Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Сикырлы қоржын» Мақсаты: Құм салынған дорбашаны оң және сол қолмен еркін қалыпта алға лақтыруды үйрету. Аяқпен алма-кезек жеңіл секіруге үйрету. Еденнен бір аяқпен екпінмен серпіле секіріп, екінші аяққа тұруды бекіту. Табан бұлшықеттерін нығайту, дамыту. Дұрыс жүруді талап ету, дене түзілісін қадағалау. Балалардың берілген белгіге назар аудару, қабылдау, қабылдау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кіркожалақ қыз». (спорттық ойын- сауық) Мақсаты:Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға баулу. Еденге салынған резеңке кілемше үстімен төрттағандап алақан мен табанға сүйеніп, еденде еңбектеуге үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы:«Сыйлық» Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; жүру мен жүгіруді алмастыру, екі сызықтың арасымен жүру мен жүгіру, алға жылжи отырып, екі аяқтап секір дағдыларын дамыту, қозғалыс дағдыларын жетілдіру.	<u>Көркем әдебиет</u> Тақырыбы: «Бесік жыры». («Шикула» әнұсқ. 30 бет) Мақсаты: Бесік жырының ерекшелігін атай отырып, өлеңді оқып беру.Халық ауыз әдебиетіне деген танымдық қызығушылығын арттыру. Тәулік бөліктерін ажырата білулерін бекіту. Мейрімділікке тәрбиелеу. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ертегіде қонақта» (Ертегі бойынша әңгімелеуге дайындау. Б\байғ.89 бет). Мақсаты: Балаларға ертегі мазмұнын айтуға үйрету. (к) дыбысының дұрыс айтылуын, осы дыбыспен өздерді бекіту. Есту зейінін жетілдіру. Дауыс және артикуляциялық апаратты дамыту.	Жаратылыстану Тақырыбы:«Жаксы деген немене жаман деген немене». (З\Б.бағд.228 бет). Мақсаты: Адамдар мен табиғат және қоғам арасындағы дұрыс ,сыпайы әрекеттерге балаларды тиым сөздерді пайдалану арқылы тәрбиелеу. Өзінің және құрдастарының түрлі әрекеттеріне баға беру дағдысын дамыту. Математика негіздері Тақырыбы: «Әртүрлі заттар тобын салыстыру» Мақсаты: Әртүрлі заттар тобын көлемі, саны бойынша салыстыру білігін қалыптастыру. Түрлі заттар тобын қатар қою, үстіне қою арқылы көлемі, саны бойынша салыстыру білігін қалыптастыру (үлкен – кішкентай, біреу – көп) ; заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыруға үйрету; заттарды қатар қойып салыстыру кезінде «сонша, неше...», теңбе-тең», «үлкен», «кіші» терминдерін пайдалануға баулу; есту сезімін дамыту; жапсырмамен, қарындашпен жұмыс жасау әрекетін дамыту; байланысты сөйлеуін дамыту; мұқияттылыққа, дербестікке тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: «Музыка әлемінде» Мақсаты: Балаларды музыкалық аспаптармен таныстыру, аспаптар тураты жаңа әндермен таныстыру. Сылдырмақты ырғаққа сай сылдыратып үйрену, музыка әуеніне сай кимыл жасауға дағдылану. <u>Сурет салу</u> Тақырыбы: «Қазақтың ұлттық ою-өрнегінің екі элементі». Мақсаты: Жолақшаны дайын «қой ізі» және «ирек су» өрнектерімен әшекейлеуге үйрету. Бояу мен қылқаламды дұрыс пайдалануға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. <u>Жапсыру</u> Тақырыбы: «Кесені әшекейлейміз». Мақсаты: Сәндік өнер туралы білімдерін нақтылау.Ою – өрнектерді ажырата алуға үйрету.Кесені «қызғалдақ» өрнегімен әдемілеп,ұқыпты жұмыстануға тәрбиелеу.	<u>Қоршаған ортамен танысу</u> Тақырыбы: Ш.Әбдіғалиқызы. «Әженің тағылымы». (әңгіме тыңдаймыз) («Шикула» 496) Мақсаты: Әңгімелерді мұқият тыңдауға, кейіпкерлердің әрекеттерін түсінуге, баға беруге үйрету. Тәрбиешінің сұрақтарына жауап бере отырып, мазмұнын қайталап айтып беру дағдысын жетілдіру.Адалдыққа тәрбиелеу.
--	---	---	---	--	--

	3 апта. «Наурыз достарды шақырады!» (салт-дәстүрлер)	Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Тақия тастамақ» Мақсаты: Аяқпен алма-кезек жеңіл секіруге үйрету. Еденнен бір аяқпен екпінмен серпіле секіріп, екінші аяққа тұруды бекіту. Табан бұлшықеттерін нығайту, дамыту. Дұрыс жүруді талап ету, дене түзілісін қадағалау. Балалардың берілген белгіге назар аудару. Қабылдау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аттар» Мақсаты: Алға қарай жылжи отырып қос аяқпен жеңіл секіру, белгі бойынша тоқтауды үйрету. Музыка ырғағына сәйкес жүру, шығармашылық қабілетін, табан бұлшықеттерін дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Асықтар» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру мен жүгіруді үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; шағын алаңда жүру мен жүгіру кезінде тепе теңдікті сақтау, бір орында тұрып екі аяқтап секіру дағдыларын арттыру	Орыс тілі. Тема: «Наурыз приглашает друзей» Цель: Приобщать к истокам культуры, традициям казахского народа. Дать знания о том, что в Казахстане особое отношение к людям старшего возраста (их почитают, уважают, прислушиваются к их советам) и к детям (их оберегают, защищают, балуют). Формировать элементарные представления о том, что и взрослые и дети любят этот праздник, игры готовятся к нему. Воспитывать любовь к традициям. <u>Сөйлеуді дамыту</u> Тақырыбы: «Наурыз –көктем мерекесі» (Қ\О.27 саб.) Мақсаты: Балаларды ұлттық Наурыз мерекесі мен,қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстыру арқылы қонақжайлыққа үйрету. Мейрімді,қонақжай болуға, үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу.	<u>Құрастыру</u> Тақырыбы: «Көктем бақбақтары». Мақсаты: Көктемгі табиғат ерекшеліктерін атай отырып,сары түсті дымқыл қағазды умаждау арқылы бақбақтар жасауға үйрету.Жұмыстарын ұжымдық еңбекке біріктіруге дағдыландыру.Ұсақ қол қимылдарын дамыту. <u>Жаратылыстану</u> Тақырыбы: «Наурыз мейрамына дайындаламыз» (З\Б.бағд. 125 бет). Мақсаты: Балаларды мерекелік сыйлық дайындауға,бөлмені безендіруге атсалысуға ынталандыру. Қазақтың ұлттық дәстүрлерін бойларына сіңіре беру. Ұлттық киімдер мен салттарды қастерлеуге тәрбиелеу. Математика негіздері Тақырыбы: «Сол жақ-оң жақ. Дөңгелек» . Мақсаты: Оң жағы мен сол жағын ажырата алу білігін бекітуді жалғастыру; шеңбер – геометриялық пішіні туралы білімдерін нақтылау. Қасына қою әдісін пайдалану арқылы қай топта заттар көп немесе аз немесе тең екенін анықтау білігін бекітуді жалғастыру; қоршаған ортадан шеңбер пішінді заттарды таба білу білігін бекітуді жалғастыру. Заттарды бірінің үстіне бірін тура қою білігін дамыту; зерттеу әрекетіне қызығушылығын тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: «Наурыз-біздің Жаңа Жыл!» Мақсаты: Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету. Өзіміздің дәстүрлерімізге деген қызығушылықтарын арттыру, ұлттық ойындармен таныстырып ойындар ойнату. Музыка Тақырыбы: «Наурыз-біздің Жаңа Жыл!» Қайталау оқу қызметі. Мақсаты: Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру, табиғи дауыспен ән айтуға үйрету. Өзіміздің дәстүрлерімізге деген қызығушылықтарын арттыру, ұлттық ойындармен таныстырып ойындар ойнату. <u>Сурет салу</u> Тақырыбы: «Бақбақ». Мақсаты: Балалардың көктемгі табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Көктемде өсетін бақбақтың суретін салуды үйрету. Эстетикалық талғамын дамыту. Табиғатты сүйе білуге, жанашырлықпен қаруға тәрбиелеу.	
--	---	---	---	--	---	--

	4 апта. «Нұр төккен, гүл көктем». Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Доппен жаттығулар» Мақсаты: Алақан мен тізеге тіреліп, төрттағандап еңбектеп, модуль арқылы аунап өтуді үйрету. Аяқты-аяққа тақай қойып, алға жылжи жүру дағдыларын бекіту. Музыка ырғағына сәйкес өз қимылын бере білу, қимылды үйлесімді, жеңіл жүгіру дағдыларын, иық пен аяқтың бұлшықеттерін дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көктем келді» Мақсаты: Орында тұрып жіп үстінен секіруді үйрету. Денені түзу ұстап, тізені жоғары көтеріп, аяқты екпінмен аяқтың ұшына қойып, тепе- теңдік сақтап, кедергілер арқылы аттауды бекіту. Музыкалық ырғақты қабылдау, көңілді көңіл күй бере білу сезімдерін, мәтін мазмұнына сәйкес қимыл жасау; қол мен аяқ қимылының үйлесімділігін дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мысық пен тышқандар» Мақсаты: Орындықтың аяқтарының арасынан еңбектеп өтуді үйрету. Алға қарай жылжи отырып қос аяқпен жеңіл секіру, белгі бойынша тоқтауды үйрету. Музыка ырғағына сәйкес жүру, шығармашылық қабілетін, табан бұлшықеттерін дамыту.	<u>Көркем әдебиет</u> Тақырыбы: «Бәйшешек». («Шикула» әнұсқ. 57 бет). Мақсаты: Өлеңді зейін қойып тыңдауға үйрету, мазмұнын сезімталдықпен қабылдауға, табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу. Қисынды ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Бізге көктем келді» («ЗБ.»бағд. 73 бет). Мақсаты: Тәрбиешінің сұрақтарына байланысты жауап қайтаруға (қар еридi,күн жылиды, құстар ұшып келедi), сөз тіркестерін құрастыруға (күн ашық, гүлдер әдемі) үйрету, көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы толық мағлұмат беріп , сөздік қорларын молайту, табиғаттағы құбылыстарды бақылай отырып, сүйіспеншілікке, табиғатты аялауға тәрбиелеу. Жұмбақтардың шешімін суреттерден таба білуге үйрету.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Әжеге қонаққа келу»(киіз үй) (ЗБ.бағд.122 бет). Мақсаты: Көктемгі адамдар тіршілігі туралы түсінік беру. Қазақтың ұлттық баспанасы –киіз үй туралы білімдерін кеңейту. Халқымыз көшіп-қонуға ыңғайлы баспананы қалай пайдаланғаны туралы, оның жабдықтары туралы әңгімелеу. Ұлттық өнер мен салт-дәстүрлер ге деген қызығушылықтары мен сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу. Математика негіздері Тақырыбы: «Ұзын қысқа. Біркелкі заттар» Мақсаты: Екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы бойынша салыстыра білуді бекіту; біркелкі заттарды санау және алуға үйретуді жалғастыру. Балаларды ұзындығы әртүрлі заттарды бір-бірінің үстіне қою тәсілімен салыстыруға үйретуді және ұзынырақ, қысқарак, ұзындығы бірдей сөздерін қолдану арқылы айтып жеткізуді жалғастыру; біркелкі заттарды таба білуге үйретуді жалғастыру; біркелкі заттарды бір сөзбен айту білігін дамыту; логикалық ойлауын, сөйлеуін дамыту; оқу қызметіне қызығушылығын тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: «Қалаға саяхат» Мақсаты: Әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге, салыстыруға,әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді,ашық дауыспен, таза орындауға үйрету.Туған жеріне, қаласына сүйіспеншілік сезімін ояту. <u>Сурет салу</u> Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған сақиналар». Мақсаты: Сақина туралы түсінік бере отырып, түрлі – түсті дөңгелек сызықтар арқылы сақинаның суретін салуды үйрету.Тазалыққа тәрбиелеу. <u>Мүсіндеу</u> Тақырыбы: «Сақиналар». Мақсаты: Екі алақанмен «шұжықтар» ысып,екі ұшын бір-біріне дөңгелетіп әкеліп ептілікпен біріктіруді, сақинаның пішінін бұзбай, ұқыпты мүсіндеуге үйрету. Шығармашылық жұмыс істеу қабілеттерін дамыту, іскерлікке баулу.	<u>Қоршаған ортамен танысу</u> Тақырыбы: «Көктем» Мақсаты: Көк темгі табиғатты бақылап, өзгерістерін айтуға үйрету. Үлкендердің көктемгі еңбектерін бағалай білуге тәрбиелеу.
--	--	---	---	--	---

Өтпелі тақырып «Табиғат оянды».

Сәуір айы.

Мақсаты: Балаларды көктем мезгілінде алғаш өсіп шығатын гүлдермен таныстыру, оларға қамқорлық жасауға, аялап қорғай білуге тәрбиелеу. Балалардың табиғат әлеміне деген қызығушылығын арттырып, жәндіктер тіршілігімен таныстырып, оларды қорғай білуге үйретуді жалғастыру.

Өтпелі тақырып: «Табиғат оянады» (Сәуір)	1.апта. Аялайық гүлдерді !	Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Денсаулық күні» Мақсаты: Аяқты алға созып, аяқты ұшына, өкшеге қоя жүруге жаттықтыру. Баяу қарқында жүгіру (40 секунд). Еденнен бір шеті 20 см биіктікке көтерілген көлбеу тактай үстімен жүру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз спортты жақсы көреміз» Мақсаты:Баяу қарқында жүгіру (40 секунд). Орында тұрып, қосарланып қос аяқпен жеңіл секіруге және қимылды жұбымен келісе орындауға баулу. Допты алға қарай домалатып, доптың соңынан еңбектеуге үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді сайқымазақ» Мақсаты: Балаларға нұсқаушының белгісіне тоқтай отырып, жүру мен жүгіруді үйрету; бір біріне көмектесуге, мейірімділікке тәрбиелеу; қолдарын еденге тигізбей арқан астынан өту, тактай үстімен жүргенде денелерін түзу ұстау дағдыларын дамыту.	Орыс тілі. Тема: «Берегите цветов» Цель: Познакомить детей с разнообразием мира растений. Развивать умение делить на группы: деревья, травы и цветы. Формировать представление об их росте, учить любоваться красотой цветов. <u>Сөйлеуді дамыту</u> Тақырыбы: «Үрмебұршақты отырғызу». Мақсаты :Алдын –ала жүргізілетін жұмыс (өскінді отырғызу, жуа егу т.с.с) арқылы балалардың өсімдіктердің көбеюі туралы білімдерін бекіту.Тұқым отырғыза білу дағдыларын бекіту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	<u>Құрастыру</u> Тақырыбы: « Көктемгі алаң». (ЗБ.бағд.116 бет). Мақсаты: Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып қағаздарды жолақтап жырта білуге үйрету, гүлдерді аялауға, күтіп баптауға, қамқорлық жасай тәрбиелеу. <u>Жаратылыстану</u> Тақырыбы: «Гүлдер, гүлдер, әсем гүлдер» Мақсаты: Балаларды түймедағы гүлімен таныстыру; эстетикалық сезімді тәрбиелеуге, қызығушылығын оятып, түсініктерін қалыптастыру. Математика негіздері Тақырыбы: «Биік-аласа. Жуан-жінішке». Мақсаты: Екі қарама-қарсы және бірдей заттарды биіктігі мен жуандығы бойынша салыстыра білуді бекіту. Қалыңдығы мен биіктігі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру білігін бекіту; сөйлегенде «қалынырақ, жұқалау, қалыңдығы бірдей, биіктеу, аласа, биіктігі бірдей» сөздерін қолдануға баулу; логикалық ойлауын дамыту; ықыласты болуға тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: «Күннен қуат аламыз» Мақсаты: Күн туралы әнді үйретіп, музыкаға деген қызығушылығын арттыру. Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру. Музыка. Тақырыбы: «Күннен қуат аламыз» Мақсаты: Қайталау оқу қызметі. Күн туралы әнді үйретіп, музыкаға деген қызығушылығын арттыру. Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру. <u>Сурет салу.</u> Тақырыбы: «Күн жарқырап,шөп өсті». Мақсаты: Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Дөңгелек пішінді және әртүрлі бағыттағы түзу сызықтарды салуға үйрету. Ұқыптылыққа,төзімділікке тәрбиелеу.	
--	---	--	--	---	--	--

	2 апта. «Шөпте не жорғалайды?». (жәндіктер).	Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Епті бақалар» Мақсаты: Шашырай жүру мен жүгіруді үйретуді жалғастыру; өз денсаулығын күте білуге тәрбиелеу; секірген соң жерге аяқты сәл бүгіп түсу, допты заттың айналасынан домалату дағдыларын дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бәріміз біріміз үшін» Мақсаты: Алақан мен тізеге тіреліп, төрттағандап еңбектеп, модуль арқылы аунап өтуді үйрету. Алақан мен тізеге тіреліп, төрттағандап еңбектеп, модуль арқылы аунап өтуді бекіту. Музыка ырғағына сәйкес жануарлардың жүрісін бейнелей жүруге талпындыру. Иық пен аяқтың бұлшықеттерін дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді құмырсқалар» Мақсаты: Қосымша тапсырмалар орындап жүгіру, қуғыншылардан жалтара қашуға үйрету. Музыка ырғағына сәйкес таныс би қимылын орындау; шығармашылық қабілеттерін дамыту; иық, мойын және аяқ бұлшықеттерін дамыту.	<u>Көркем әдебиет</u> Тақырыбы: «Қызыл қоңыз». Г.Скребиций бойынша. («Шикүла» ә\нұсқ. 57 бет). Мақсаты: Жәндіктер әлемімен таныстыруды жалғастыру. Қанқыз туралы білгендерін сұрау. Оның пайдасы туралы, тіршілігі туралы әңгімелеп, шығарманы оқып, талдау, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Пайдалы жәндіктерге аялы көзқарасқа тәрбиелеу. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Түкті араның саяхаты». Мақсаты: Балаларды айнала қоршаған ортаның өз-ара байланыс заңдылығын түсіндіре отырып, шалғынмен, ондағы жорғалап жүрген түрлі жәндіктермен таныстыру. Олардың пайдасы мен адам өміріндегі маңызын әңгімелеу. Табиғатқа деген танымдық қызығушылықтар мен шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Жәндіктердің ғажайып әлемі». Мақсаты: Балаларды жәндіктермен және оларға қатысты қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Жер бетіндегі жәндіктердің атқаратын қызметі туралы түсінік беру. Олардың тіршілігімен таныстыру. Жәндіктерге деген қамқорлық пен мейрімділікке тәрбиелеу. Математика негіздері Тақырыбы: «Бекіту. Дөңгелек. Шаршы». Мақсаты: Геометриялық пішіндер туралы білімдерін нақтылау: дөңгелек, шаршы. Шеңбер, шаршы геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту; заттарды көлемі (үлкен – кіші) бойынша 12 ажырата білу білігін бекіту; заттардың пішінін көре білу білігін бекіту; жұмбақтарды шешуге, жұмбақ негізіне алынған өлеңдегі салыстыра бейнелеуді түсінуге үйрету; логикалық ойлауын, сөйлеуін дамыту; оқу қызметіне қызығушылығын тәрбиелеу.	Музыка . Тақырыбы: «Қанатты достар» Мақсаты: Құстар туралы жана әндермен, ойындармен балаларды таныстыра отырып, оларға деген жануарларға, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін оятуға талпындыру. Әуенге эмоциялық үн қосуға, сюжетті ролді ойындарға белсене қатысуға, ырғақты ажырата білуге дағдыландыру. <u>Сурет салу</u> Тақырыбы: «Көбелек». (Дақтар салу) Мақсаты: Балаларды дақ бейнеленген қағазды бүктеу арқылы және көбелектің жетпей тұрған бөлшектерін (бас мұрт) суретін салып бітіруге үйрету. <u>Жапсыру</u> Тақырыбы: «Көгалда серуендеген балапандар». Мақсаты: Балалардың үй құстары туралы білімдерін нақтылай отырып, балапанның қайдан шығатыны туралы түсінік беру. Түстерді пысықтап, жасыл түсті қағазға сары түсті үлкен (денесі) және кіші (басы) дөңгелектерді жапсыру арқылы көгалдағы балапанды бейнелеуге ынталандыру. Балапандарға, құстарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	<u>Қоршаған ортамен танысу</u> Тақырыбы: «Табиғи оркестр». Мақсаты: Табиғатты бақылап, судың сылдырын, желдің үлін, жаңбырдың тырсылын, құстар, жәндіктер мен жануарлардың дауыстарын ажырата білуге үйрету. Көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру және жәндіктердің ерекшеліктерін айыра білуге, табиғаттағы қауіпсіздік ережелерін сақтауға, туған жердің табиғатын сүйуге тәрбиелеу.
--	---	--	---	---	--	--

	3 апта. «Жайлауда» (маллардың төлдерге қамқорлығы)	Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Хайуанаттар бағы» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру мен жүгіруге үйрету. Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу, қозғалыс әрекетіне деген қызығушылықтарын арттыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аю жүрген орманда» Мақсаты: Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету. Қимылды музыка ырғағына сәйкес өзіндік қимыл орындау дағдыларын дамыту. Дене түзілісі мен басты дұрыс ұстауларын қадағалау. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Әкем және мен- спортшымыз» Мақсаты: Төмпешіктер үстінен тізені жоғары көтеріп, еденнен екпінмен серпіле, серпілу мен қолды сермеу қимылын үйлестіре және тепе- теңдік сақтап жүруге үйрету. Қимылды музыка ырғағына сәйкес орындау дағдыла-рын дамыту. Дене түзілісі мен басты дұрыс ұстауларын қадағалау.	Орыс тілі. Тема: «На джайляу» Цель: Познакомить с названиями домашних животных и их детенышей. Развивать внимание, память, умение отвечать на вопросы. Воспитывать любовь и заботливое отношения к домашним животным. <u>Сөйлеуді дамыту</u> Тақырыбы: «Сүйікті ойыншықтар». (Ойыншық туралы әңгіме құрастыру). Мақсаты: Алдын ала дайындықпен ойыншық туралы сипаттама әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. Жануарлар төлдерінің аттарының «-шак», «-қан» жұрнақтары арқылы жасалуы туралы түсінік беру.	<u>Құрастыру</u> Тақырыбы: «Сиыр мен бұзауларға арналған қоршаулар» (ЗБ.бағд.115 бет). Мақсаты: Кірпіштерді тік және көлденең қою арқылы қоршаулар тұрғызуға үйрету. (бұзауларға көлденең –аласа, ал, сиырларға тігінен –биік), қоршаулар құрастыруға болатынын түсіндіру. Кеңістікті дұрыс бағдарлауға, жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. <u>Жаратылыстану</u> Тақырыбы: Д/о.: «Жануарлар мен олардың төлдері». (ЗБ.бағд.77 бет). Мақсаты: Үй жануарлардың аттарын, олардың төлдерінің аттарын , көрегі және тіршілігін түсіндіру арқылы түсініктерін қалыптастыру. Оларды жекеше-көпше атай білу дағдыларын дамыту. Табиғатқа, үй жануарларына қамқорлықпен қарауға баулу. Математика негіздері Тақырыбы: «Жалпақ- жіңішке. Заттарды белгісі бойынша салыстыру». Мақсаты: Екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ені бойынша салыстыра білуді бекіту; түсі бойынша бірдей заттарды табуға үйрету. Заттарды ені бойынша салыстыру және бірдейін табу білігін бекітуді жалғастыру; «жалпақ», «жіңішке», «ені бойынша бірдей» сөздерін қолдануға баулу; түсі және белгісі бойынша бірдей заттарды табуға үйрету; жұмбақ шешу білігін бекіту, жұмбақ негізіне алынған поэтикалық бейнелерді түсіндіру; бақылағыштығын, ойлау белсенділігін байланыстырып, сөйлеу білігін дамыту, бір-біріне көмектесу талаптарын тәрбиелеу.	Музыка . Тақырыбы: «Ертегіде қонақта» Мақсаты: Қуыршақ театры арқылы балаларды шығармашылыққа баулу. Әуен сипатын ажыратып қимылдауға, ән айтуға дағдыландыру, достыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Музыка. Тақырыбы: «Ертегіде қонақта» Мақсаты: Қайталау оқу қызметі. Қуыршақ театры арқылы балаларды шығармашылыққа баулу. Әуен сипатын ажыратып қимылдауға, ән айтуға дағдыландыру, достыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. <u>Сурет салу</u> Тақырыбы: «Арба». (Заттық сурет салу). Мақсаты: Домалақ және төртбұрышты пішіндердің суретін салу, бір бағытта бояу дағдыларын бекіту.	
--	---	--	--	--	--	--

	4. апта . «Бірге еңбек етеміз, табиғатты аялайық» Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Секіргіш көжектер» Мақсаты:Балаларға бір-бірден сапта жүруді, секірген кезде аяқтарын сәл бүгіп түсуді үйрету; балаларды спорттық жаңа құрал құрсаумен таныстыру; ұжымда тату ойнай білуге тәрбиелеу; сапта бір- бірден жүру, тапсырманы орындау, жерге аяқтарын сәл бүгіп түсіп дағдыларын дамыту. Ұсақ қол қимылдарын, құрсаудан құрсауға секіру, допты түзу бағытта домалату икемділіктерін жетілдіру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ауладағы ойындар». Мақсаты: Тереңдікке секіруге үйрету. Орындықтан секірген кезде алға қарап, бас пен денені түзу ұстап, аяқты сәл бүгіп, табанды жазып, жерге жеңіл қону; шеңбер құру; бір- біріне кедергі жасамай, алға- артқа жылжи білу қабілеттерін бекіту. Музыкаға сәйкес затпен (таспа) қимыл жасауға талпындыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сүйікті цирк» Мақсаты: Тапсырмаларды орындау, бір қатармен жүру мен жүгіруге үйретуді жалғастыру; ұсақ қол қимылдарын, денелерін игеру.	<u>Көркем әдебиет</u> Тақырыбы: «Бұзылған ұя». («Шикүла» 53 бет). Мақсаты:Әңгімені оқып беріп, түсіндіру. Мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге үйрету. Ненің жақсы , ненің жаман екенін айыра білуге баулу. Табиғатты қорғай білу, қорған бола білу, қолдарынан келсе бұзбауға, бүлдірмеуге тәрбиелеу. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Адамдардаң көктемгі еңбегі». («Шикүла» 76 бет). Мақсаты: Балаларға адамдардың көктемгі еңбегі туралы түсінік беру. Сөздік қорларын дамыту; «с» дыбысына дыбыстық жаттығу жасау арқылы анық айтуға үйрету. Ойлау және сөйлеу, сұрақтарға жауап беру дағдыларын дамыту. Үлкендерге көмектесуге ынталы болуға тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Аквариум суын ауыстырамыз». («ЗБ».124 бет). Мақсаты: Аквариум балықтарының тіршілігі туралы түсіндіре отырып,балаларды шамасы келетін еңбек әрекетіне жұмылдыру, құралдарды қолдану ретімен таныстыру (тастарды жуу,балықтардың қасиеттерін атап өту.Табиғатты аялауға тәрбиелеу. Математика негіздері Тақырыбы: «Тәулік бөліктері». Мақсаты:Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтауға үйретуді жалғастыру. Тәулік бөліктерін – таң, күн, кеш, түнді атау және ажырату біліктерін бекіту; бұл терминдерді сөйлеу тілінде белсендіру; тәулік бөліктерін реттілігі туралы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; уақыт бойынша бағдарлана білуге үйрету; ертегіден үзіндіні тыңдап, шешуін табуға үйрету; мұқияттылығын, логикалық ойлауын дамыту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; қайырымдылыққа тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: «Көңілді достар» Мақсаты: Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл кұйді көтеруге тарту. Ән-әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналуға дағдыландыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау. <u>Сурет салу</u> Тақырыбы:«Құс». (ЗБ.бағд.161 бет). Мақсаты: Балаларды құстың суретін дөңгелек пішінді екі бөліктен: басын және денесін бейнелеуге үйрету. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу. <u>Мүсіндеу</u> Тақырыбы: «Құс». (Біздің ойыншықтар) («ЗБ».бағд.167 бет). Мақсаты:Домалатылған үлкен және кіші екі пішінді қосып,біріктіру тәсілі арқылы оңай заттарды мүсіндеу дағдысын бекіту. Құстың бөліктерін,олардың не жейтінін әңгімелей отырып,ұжымдық жұмысқа біріктіруге тәрбиелеу.	<u>Қоршаған ортамен танысу</u> Тақырыбы: «Кім қайда тұрады?» (ЗБ.6.226 бет) Мақсаты:Балаларға әр тіршілік иесінің өз мекендеу ортасы болатыны, әрбір тіршілік иесінің сол ортаның заңдылығына бағынатыны туралы түсінік беру (балық сусыз, аю ормансыз т.с.с.). Жануарларға қамқорлық сезімін,табиғаттағы қауіпсіздік ережелерінің қарапайым түрлерін меңгерту.
--	---	---	---	---	---

**Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»
Мамыр айы.**

Мақсаты: Балаларға «дос» және «достық» деген ұғымды терең жеткізе отырып, достық сезімін қалыптастыру мақсатында бір-бірін сыйлауға, қадірлей білуге тәрбиелеу.

«Әрқашан күн сөнбесін» (мамыр)	1-апта «Бір шаңырақ астынад»	Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Біз көңілді балалармыз» Мақсаты: Қолды еденге тигіз-бей, доға астынан өтуге үйрету. Алақан мен тізеге тіреліп, еңбектеп, модуль арқылы аунап өтуді бекіту. Музыка ырғағына сәйкес жануарлардың жүрісін бейнелей жүруге талпындыру. Лақтыру күш екпінін, иық пен аяқтың бұлшықеттерін дамыту. Дене түзілісін қадағалау. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Доппен жаттығулар» Мақсаты: Алақан мен тізеге тіреліп, төрттағандап еңбектеп, модуль арқылы аунап өтуді үйрету. Аяқты- аяққа тақай қойып, алға жылжи жүру дағдыларын бекіту. Музыка ырғағына сәйкес өз қимылын бере білу, қимылды үйлесімді, жеңіл жүгіру дағдыларын, иық пен аяқтың бұлшықеттерін дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Күн, ауа, су- біздің жақын достарымыз». Мақсаты: Музыка ырғағына сәйкес өзіндік қимыл бере білуге талпындыру. Қимыл кезінде қол мен аяқты үйлесімді қимылдату; иық, мойын және аяқ бұлшықеттерін дамыту.	Орыс тілі. Тема: «В семье единой» Цель: Познакомить с новыми словами по теме. Учить отвечать на вопросы. Развивать речь, внимание, память. Воспитывать толерантность к людям разных национальностей. <u>Сөйлеуді дамыту</u> Тақырыбы: «Мен балабақшадамын». («Шикула» 16 бет). Мақсаты: Достық туралы түсінік беру,оның маңызыдылығын айту арқылы достықты қадірлей білуге баулу. Суретбойынша әңгімелеуге үйрету. Өз көрген- білгендерін сөздерді байланыстыра отырып айтуға жаттықтыру. Балабақшада достарымен тату –тәтті ойнауға, ынтымаққа тәрбиелеу.	<u>Құрастыру</u> Тақырыбы: «Кітапша». («Шикула» 111бет). Мақсаты: Төртбұрышты қағаздың бұрыштары мен беттерін сәкестендіріп бірдей бүктей білуін дамыту. <u>Жаратылыстану</u> Тақырыбы: «Мен және менің достарым». (Хрестом.55 бет). Мақсаты: Өзінің есімін, тегін атай білуге жаттықтыру; топтағы бал үйрету; «құл», «қыз» ұғымдары туралы түсніктерін бекіту. Адамдармен қарым-қатынасқа түсу арқылы өзін тұлға ретінде жүзеге асыру. Математика негіздері Тақырыбы: «Біреу-көп. Бір-бірден, бірден біреуі жок» Мақсаты: «Көп», «біреу», «бір-бірден», «бірде - біреуі жок» ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру. Балалардың заттардың саны туралы білігін бекіту және қорытындылау, сөйлегенде жиынтықты: «біреу», «көп», «бірде-біреуі жок», «бір-бірден» сөздерімен бере білу білігін жетілдіру; топ бөлмесіндегі заттарды ажырата алуын, олардың санын– біреу, көп анықтай алу біліктерін бекіту; көзбен ақпарат алу арқылы жұмбақ шешуге баулуды жалғастыру; жұмбақ негізіне алынған поэзиялық салыстыруды түсіну, логикалық ойлауын дамыту; балалар арасында достық қарым-қатынасқа, оқу қызметіне қызығушылығын тәрбиелеуді жалғастыру.	Музыка. Тақырыбы: «Дос болайық бәріміз» Мақсаты: Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету. Музыка. Тақырыбы: «Дос болайық бәріміз» Мақсаты: Қайталау оқу қызметі. Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету. <u>Сурет салу</u> Тақырыбы: «Қақпа». Мақсаты: Тік және көлденең қиылысатын сызықтарды салуға үйрете отырып, қол қимылдарын жетілдіру.
--------------------------------	------------------------------	--	--	---	--

	2 апта. «Ойнаймыз, танимыз, зерттейміз.» Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Біз жаяу жүргіншілерміз» Мақсаты: «Аттардың» қимылын бейнелей, қолды еркін қалыпта ұстап жай, шапшаң қарқынмен жүру, жүгіру; өздігінен қосарланып шеңбер құрып тұру, қол ұстасып, шеңберді тарылтпай жүру; бір- біріне соғылмай, тез тоқтауға жаттықтыру. Қол мен аяқ қимылын үйлестіре тура шоқырақтап шабу. Допты көлденең нысанаға кеуде тұсынан екі қолмен лақтыруды үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Түрлі- түсті автомобильдер» Мақсаты: Аттардың қимылын бейнелей, қолды еркін қалыпта ұстап жай, шапшаң қарқынмен жүру, жүгіру; өздігінен қосарланып шеңбер құрып тұру, қол ұстасып, шеңберді тарылтпай жүру; бір- біріне соғылмай, тез тоқтауға жаттықтыру. Қол мен аяқ қимылын үйлестіре тура шоқырақтап шабу. Допты көлденең нысанаға кеуде тұсынан екі қолмен лақтыруды үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы:«Бағдаршам» Мақсаты: Бір қатармен жүруді үйрету, біріккен қозғалыс әрекетін барысында жолдастарымен жақсы қарым қатынаста болуға тәрбиелеу, тапсырманы орындау, қолдарын еденге тигізбей құрсау астынан өту, тақтай үстімен жүргенде тепе теңдікті сақтау дағдыларын арттыру.	<u>Көркем әдебиет</u> Тақырыбы: «Керек». Қ.Баянбаев. («Шикула» 46 бет). Мақсаты: Тақпақты зейін қойып тыңдауға үйрету. Танымдық қабілеттерін д\ойын арқылы дамыту. Сұрақтарға сауатты түрде,анық, нақты жауап беруге үйрету. Заттарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Балалар текшемен ойнайды». (Сюжеттік сурет бойынша әңгіме құрастыру). (З\Б.бағд.68 бет). Мақсаты: Балаларды сюжеттік суретке қарап жеке заттарды, кейіпкерлердің әрекеттерін атау арқылы әңгіме құрастыруға үйрету. Тәрбиешінің сурет бойынша құрастырған әңгімесін тыңдау арқылы сөздерді аяқтай білу дағдысын бекіту.Етістіктерді жекеше-көпше түрде қолдана білуін дамыту(ойнаймын-ойнаймыз,құрастырамын-құрастырамыз,әкеле жатырмын-әкеле жатырмыз). Дыбыстардың дұрыс айтылуын қадағалау.Сөйлеуде дұрыс тыныс алуын дамыту.	Жаратылыстану Тақырыбы:«Шар мен текшені салыстыру» (Сөздік жұмыс). (З\Б.бағд. 67 бет). Мақсаты: Балаларға геометриялық пішіндер –шар,текше атауларын есте сақтауға көмектесу.Олардың ерекшеліктерін сөзбен белгілеуге үйрету:шар-домалақ,ол домалайды,текше-тұрақты,орнынан қозалтуға болады,бірақ домаламайды, «неге?»сұрақтарына әрекетпен көрсете отырып,балалармен бірге жауап іздеу(себебі оның бұрыштары мен қырлары бар , солар тірейді,домалатпайды). Д\о: «Айтшы ,бұл не?» (дөңг. және төртб.заттар). Математика негіздері Тақырыбы: «Ұзын-қысқа. Кең-тар. Қалың-жұқа. Биік-аласа» Мақсаты: Екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы, ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстыра білуді бекіту. Ұзындығына, биіктігіне, еніне және қалыңдығына қарай салыстыруды жалғастыру; салыстыру нәтижелерін: ұзынырақ– қысқарак, қалың – жұқа, биік –аласа, кең –тар – сөзбен айту; салыстыру арқылы ойлау дағдыларын арттыру. Педагогтің нұсқауын дұрыс орындауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: «Ойнамыз, ән саламыз!» Мақсаты: Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну. «Бесік жыры» арқылы балалардың анаға деген сүйіспеншілік сезімін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру. Ән-әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналуға дағдыландыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау. <u>Сурет салу</u> Тақырыбы: «Түстері әр түрлі кішкене ленталар». Мақсаты: Түзу сызықтарды гуашьтың әр түрлі түстерімен қылқаламның барлық түктерімен солдан оңға қарай салу дағдыларын жетілдіру. <u>Жапсыру.</u> Тақырыбы: «Қандай зат домалақ болады?» (алмалар,жидектер, моншақтар,аққала,құламақ,кірпілер,құс) Мақсаты:Дөңгелектерді түсі мен көлемі бойынша орналастыруға және жапсыруға,бірыңғай бейне құруға үйрету. Қиялды дамыту.	<u>Қоршаған ортамен танысу.</u> Тақырыбы: «Ауамен танысу». (З\Б.бағд.120 бет). Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Тәжірибе арқылы балаларға ауаның барлық жерде бар және ол барлық тіршілік иесінің бәріне қажетті де,маңызды нәрсе екенін түсіндіру.
--	---	---	--	--	--

	3 апта . Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік. Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Ыдыс- аяқ дүкені». Мақсаты: Балаларға заттар (ыдыстар) туралы терең түсінік беру. Ұзындыққа бір орында тұрып, аяқпен неғұрлым күшті серпіле секіруге үйрету. Шектелген алаңмен тепе- теңдік сақтай жүруді бекіту. Саптізбекке бойына қарай тұру. Дене түзілісінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. Аяқ бұлшықеттерін дамыту, музыка ырғағына сәйкес табиғи, еркін қимыл жасауға талпындыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді аспазшылар». Мақсаты: Заттық әлемге саяхат жасату арқылы балалардың заттар туралы түсініктерін молайту. Допты қақпа арқылы домалатуға үйрету. Шектелген алаңмен тепе- теңдік сақтай жүруді бекіту. Саптізбекке бойына қарай тұру. Дене түзілісінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. Аяқ бұлшықеттерін дамыту, музыка ырғағына сәйкес табиғи, еркін қимыл жасауға талпындыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Дастархан басында» Мақсаты: Шағын алаңда жүру кезінде тепе- теңдікті сақтауды үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; жүру мен жүгіруді алмастыру, екі сызықтың арасымен жүру мен жүгіру, алға жылжи отырып, екі аяқтап секір дағдыларын дамыту, қозғалыс дағдыларын жетілдіру.	Орыс тілі. Тема: «Безопасность дома и на улице» Цель: Помочь детям запомнить предметы и ситуации опасные для жизни и здоровья. Запомнить правила поведения на дороге. Самостоятельно сделать вывод о последствиях неосторожного поведения и обращения с опасными предметами. <u>Сөйлеуді дамыту</u> Тақырыбы: «Кешада қонақта болғанда». («Шикүла» әдіс\нұсқ. 67 бет) Мақсаты:Балалардың жиһаздар туралы білімдерін қорыту және жүйелеу. Олардың қызметтік мәні,сапасы мен қасиеттері жайлы түсініктерін дамыту. Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуын жетілдіріп, қорларын молайту, жиһаздармен сақтық ережелерін қайталап (шкафтың жоғарысына шықпау,сөрелі тартпау,есігімен ойнамау, үстелге шықпау , секірмеу т.с.с.)қауіпсіздікке тәрбиелеу.	<u>Кұрастыру</u> Тақырыбы: «Машиналар мен жаяу жүргіншілерге арналған жолдар» Мақсаты: Құрлыстарды өзгерте алу, бір бөлшектерді екіншісімен алмастыру немесе биіктете білуін дамыту. <u>Жаратылыстану</u> Тақырыбы: «Үйде жалғыз қалу» (ЗБ.бағд.126 бет). Мақсаты: Үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыруды жалғастыру: Ересектерсіз сыртқа ашпау,электр құрылғылары мен өткір заттарды ұстамау. Өзінің денсаулығы мен өміріне қамқорлық сезіммен қарауға , ұқыптылыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу. Математика негіздері Тақырыбы: «Алыс-жақын. Биік-аласа. Сол жақ- оң жақ» Мақсаты: Өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау,оң және сол жағын ажыратуды үйретуді жалғастыру. Өзінің айналасында және қағаз бетіндегі кеңістікте бағдарлану білігін бекітуді жалғастыру (алыс – жақын, жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ); осы терминдерді сөйлеген кезде қолдану білігін бекіту; жапсырмамен жұмыс дағдысын дамыту; ойлау белсенділігін, елестетуін дамыту, мұқияттылығын, бір- біріне көмекке даярлығын тәрбиелеу.	Музыка. Тақырыбы: «Бағдаршам» Мақсаты: Музыка ырғағын игеру, баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру. Ойын арқылы көңілді,көңілсіз әуендермен таныстыру, тыңдау, сезімдерге баулу. Музыка. Тақырыбы: «Бағдаршам» Қайталау оқу қызметі. Мақсаты: Музыка ырғағын игеру, баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру. Ойын арқылы көңілді, көңілсіз әуендермен таныстыру, тыңдау, сезімдерге баулу. <u>Сурет салу</u> Тақырыбы: «Саты». Мақсаты: Түзу ұзын вертикалды және шолақ горизанталды қиылысқан сызықтарды қылқаламмен және гуашьпен салу дағдыларын дамыту.	
--	--	--	--	--	--

	4 апта . «Жаз да келді көңілді» Дене шынықтыру. Тақсаты: «Кемпір қосақ» Мақсаты: Бір қатармен жүруді үйрету, біріккен қозғалыс әрекетін барысында жолдастарымен жақсы қарым қатынаста болуға тәрбиелеу, тапсырманы орындау, қолдарын еденге тигізбей құрсау астынан өту, тақтай үстімен жүргенде тепе теңдікті сақтау дағдыларын арттыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сары сарафан киген бақ-бақ» Мақсаты: Биіктіктен еденге салынған шеңберге секіріп түсуді үйрету. Аяқты- аяққа тақай қойып, алға жылжи жүрудағдыларын бекіту. Ырғақты және жеңіл жүгіру дағдыларын дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Серуен» Мақсаты: Нұсқаушының белгісімен шашырай жүру мен жүгіруге үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; бір орыннан ұзындыққа секіру, жерге аяқтың ұшымен түсу дағдыларын дамыту.	<u>Көркем әдебиет</u> Тақырыбы: «Жаз келді» Ж.Молдағалиев. Мақсаты: Өленді жатқа айтуға дағдыландыру. Еңбексүйгіштікке, жерін сүйге тәрбиелеу. Шығарманың мағанасын түсіндіру, есте сақтау қабілетін дамыту. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жаз» А.Құнанбаев өлеңін жаттау. Мақсаты: Жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы мағлұмат беру, сөздік қорларын молайту. Сөйлеу барысында ойларын дұрыс айтуға үйрету. Өленді дұрыс түсініп, тыңдауға тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Көк майса шөп» Мақсаты: Шөппен гүлдейтін шөптесін өсімдіктер туралы түсінік қалыптастыру. Қарапайым тәжірибе-зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру. Балалардың экологиялық сана- сезімін дамыту. Математика негіздері Тақырыбы: «Геометриялық пішіндер». Мақсаты: Геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту: шеңбер, шаршы, ұшбұрыш. Геометриялық пішіндер үлгілерін қимақағаздағы бейнесінің үстіне салып қарауға жаттықтыру; қоршаған ортадан басқа да геометриялық пішіндеріне ұқсайтын заттарды таба білуге үйретуді жалғастыру; геометриялық пішіндер белгілерін ажырата білу және атау білігін бекіту; пішінді оң қолымен алып, солдан оңға қарай қойып шығу білігін дамыту; «теңбе-тең» сөзін қолдануды үйрету; заттар мен пішіндерді көру, қозғау, сезу тәсілдерімен зерттеу білігін дамыту; бақылағыштығын, назар аударуын тәрбиелеу.	Музыка . Тақырыбы: «Кел, достасайық!» Мақсаты: Табиғи дауыспен ән айтуға, әнді бірге бастап, бірге аяқтауға, әуенге ілесе қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету. <u>Сурет салу</u> Тақырыбы: «Табақ». Мақсаты: Дөңгелек пішінді «құс тұмсығы» өрнегімен өрнектеуге үйрету. Ұқыпты жұмыстануға жаттықтыру. <u>Мүсіндеу</u> Тақырыбы: «Доп» Мақсаты: Доп туралы жалпы түсініктерін кеңейту. Ермексаздан жұмыр пішінді ойыншық доп жасауды үйрету. Қол қимылының үйлесімділігін, домалақ пішіндерді жасауды дамытып, ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.	<u>Қоршаған ортамен танысу</u> Тақырыбы: «Көңілді жаз». Мақсаты: Жаз мезгілінің ерекшелігі жайлы әңгімелей келе, жазда адамдар қыдырып, демалып, жыл бойы шаршағандарын басып, күш жинайтынын айтып өтіп, жазғы қызықтар туралы түсініктерін кеңейту. Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.
--	---	---	---	--	--